Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

29 маусым 2023 жыл іс №6309-23-00-2-1294 Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АлАр» Надежда Александровна Борисова

ТАЛАП ҚОЮДЫҢ МӘНІ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК жауапкер жеке кәсіпкер «АлАр» Надежда Александровна Борисоваға қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Надежда Александровна Борисова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Надежда Александровна Борисовадан ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК-ның пайдасына 701 (жеті жүз бір) теңге тұрақсыздық айыппұл және 21 (жиырма бір) теңге мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «АлАр» Надежда Александровна Борисовадан мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 07.08.2023, судья Нурсапинов Н. С., 21.09.2023

6309-23-3-1/1428